



IQAA

**БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗДАНДЫРУ
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ (IQAA)**

**ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ**

**6B03201 (5B0350400) - ЖУРНАЛИСТИКА БІЛІМ БЕРУ
БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ТӘУЕЛСІЗ САРАПШЫЛАР ТОБЫНЫҢ
СЫРТТАЙ БАҒАЛАУ ЕСЕБІ**

НҰР-СҰЛТАН, 2020

САРАПТАМА ТОБЫНЫҢ ҚҰРАМЫ**Умаров Тимур Фаридович**

Төрағасы

Академиялық және тәрбие жұмысы жөніндегі
проректор, PhD докторы, ХАТУ АҚ**Гордиенко Оксана Викторовна**

Халықаралық сарапшы

Орыс тілін оқыту әдістемесі кафедрасының
доценті, Мәскеу педагогикалық мемлекеттік
университетінің цифрлық білім беруді дамыту
институты, ФМБОУ директорының м.а.,
педагогика ғылымдарының кандидаты**Сердәлі Бекжігіт Кенжебекұлы**

Ұлттық эксперт

Х.А. Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік
университеті Туризм және журналистика
кафедрасының профессоры, филология
ғылымдарының кандидаты, профессор**Онгарбаева Алмагуль Шегеевна**

Жұмыс берушілердің өкілі

«Атамекен» ҰКП адам капиталын дамыту
бөлімінің басшысы**Ергалиев Тимур Муратович**

Білім алушылардың өкілі

4-курс студенті, Ө.Жолдасбеков атындағы
экономика және құқық академиясы

**УРОВЕНЬ СООТВЕТСТВИЯ ОТЧЕТА ПО САМООЦЕНКЕ
ФАКТИЧЕСКОМУ СОСТОЯНИЮ ДЕЛ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ
ПРОГРАММЫ: 5B050400 (6B03201)-Журналистика в РГП на ПХВ
«Жетысуский государственный университет имени Ильаса Жансугурова»**

Стандарты	Отметьте уровень соответствия отчета по самооценке фактическому состоянию дел в вузе для каждого стандарта			
	Полное соответствие	Значительное соответствие	Частичное соответствие	Несоответствие
<i>Стандарт 1</i> Цели образовательных программ и политика в области обеспечения качества	+			
<i>Стандарт 2</i> Разработка, утверждение образовательных программ и управление информацией		+		
<i>Стандарт 3</i> Студентоцентрированное обучение, преподавание и оценка		+		
<i>Стандарт 4</i> Прием студентов, успеваемость, признание и сертификация	+			
<i>Стандарт 5</i> Профессорско-преподавательский состав	+			
<i>Стандарт 6</i> Учебные ресурсы и поддержка студентов	+			
<i>Стандарт 7</i> Информирование общественности	+			

МАЗМҰНЫ

ТАРАУ 1 КОНТЕКСТ ЖӘНЕ КЕЛУ МАҚСАТЫ

Кіріспе.....	5
Оқу орны туралы негізгі мәліметтер	5

ТАРАУ 2 САРАПТАМАЛЫҚ ТОПТЫҢ СЫРТҚЫ БАҒАЛАУ ЕСЕБІ

Мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу стандарттарына сәйкестігі	7
--	---

Кіріспе	7
<i>Стандарт 1</i>	

Білім беру бағдарламаларының мақсаттары мен сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясаты	8
---	---

<i>Стандарт 2</i>	
Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және	

ақпараттарды басқару	10
<i>Стандарт 3</i>	

Студентке орталықтандырылған оқыту, білім беру және бағалау	13
<i>Стандарт 4</i>	

Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау	16
<i>Стандарт 5</i>	

Профессор-оқытушылар құрамы	19
<i>Стандарт 6</i>	

Оқу ресурстары және студенттерді қолдау	22
<i>Стандарт 7</i>	

Жұртшылықты ақпараттандыру	24
ТАРАУ 3 ҚОРЫТЫНДЫ	27

ҚОСЫМША

<i>Қосымша 1</i>	
Сыртқы бағалау бағдарламасы	30

<i>Қосымша 2</i>	
Барлық сұхбатқа қатысушылар тізімі	32

<i>Қосымша 3</i>	
ЖОО-да қосымша қаралған құжаттар тізімі	35

ТАРАУ 1

КОНТЕКСТ ЖӘНЕ КЕЛУ МАҚСАТЫ

Kіріспе

Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде мамандандырылған (бағдарламалық) аккредитация аясында сарапшылар тобының сыртқы бағалауы 2020 жылдың 10-11 маусым күндері өтті.

Сыртқы бағалау БСҚА әзірлеген бағдарламаға сәйкес жүргізілді. Жұмысқа қажетті барлық материалдар: сыртқы бағалау бағдарламасы, білім беру бағдарламасының үш тілдегі өзін-өзі бағалау есебі, сыртқы бағалауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулық және басқа да құжаттар сараптама тобының мүшелеріне, білім беру ұйымына жұмыс басталғанға дейін ұсынылды. Бұл сыртқы бағалау рәсіміне уақытылы дайындалу мүмкіндігін қамтамасыз етті.

Білім беру ұйымының оқу, тәрбие және ғылыми процестердің ұйымдастырылуы, материалдық-техникалық базасы туралы және олардың стандарттарға сәйкестігі, білім алушылармен және қызметкерлермен олардың жұмыс орындарында жүргізілген сұхбат нәтижелері сыртқы сарапшыларға білім беру бағдарламасының өзін-өзі бағалау есебі сәйкестігіне тәуелсіз бағалау жүргізуге қолайлы жағдай туғызды. Сарапшылар зертханалармен, ғылыми кітапханалармен және т.б. құрылымдық бөлімшелердің жұмыстарымен толық танысып шықты. Қашықтықтан қатысқан сарапшылар бұл жұмыстармен сырттай бейне жазба түрінде танысуға мүмкіндік алды.

Сыртқы бағалау жүргізу барысында сарапшылар кафедралардың құжат айналымымен, оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және материалдық-техникалық қамтамасыз етілумен егжей-тегжейлі танысып, сабақтарға қатысты. Қазіргі пандемия жағдайына байланысты қашықтықтан қатысқан сарапшылар іс-құжаттармен онлайн түрінде танысып, қашықтықтан сұхбат жүргізді.

Оқу орны туралы негізгі мәліметтер

ЖМУ – көпдеңгейлі білім беру жүйесімен жұмыс істейтін аймақтық, көпсалалы университет. Қазіргі таңда оның құрамына 7 факультет, 22 кафедра, 1 институт (биотехнология мәселелері ғылыми-зерттеу институты) және колледж кіреді.

ЖОО-да көпдеңгейлі білім беру жүйесі қалыптасқан: жоғары оқу орнына дейінгі (колледж), жоғары білім (бакалавриат), жоғары оқу орнына кейінгі (магистратура және докторантура). Университет 44 білім беру бағдарламасы бойынша бакалавр, 23 білім беру бағдарламасы бойынша магистр, 8 білім беру бағдарламасы бойынша PhD докторларын дайындайды. 12 білім беру бағдарламасы бойынша көптілді білім, 4 білім беру бағдарламасы бойынша қос дипломды білім жолға қойылған.

Білімгерлер контингенті 5592 адамды құрайды; оның ішінде күндізгі бөлімде 3136 адам, қашықтықтан оқыту бойынша 2117 адам, магистратурада 264 адам, докторантурада 75 адам білім алады.

Студенттерге жоғары деңгейлі профессор-оқытушылар құрамы дәріс береді. Аккредиттеу кезінде шаттағы оқытушылар құрамы 270 адамды құрады; оның ішінде 19-ы PhD докторы, 23-і салалық доктор, 104-і ғылым кандидаты.

Университетте кадрмен қамтамасыз ету 100%-ды құрайды, ғылыми дәрежелілік 54%, ғылыми дәрежесі бар ОПК-ның орташа жас мөлшері 46 жасты құрайды.

ЖМУ-нің ғылыми потенциалы мен білім беру қызметінің сапасын төмендегі критерийлер құрайды: 2023 жылға дейінгі 5 жыл мерзімге БСҚА-ның институциональдық аккредитациясынан өткен; бакалавриат, магистратура, докторантура білім беру бағдарламалары-ның 72%-ы БСҚА-ның халықаралық мамандандырылған аккредитациясынан өткен.

ЖМУ тәуелсіз халықаралық және Қазақстандық агенттіктер мен қызметтердің түрлі рейтингтік қорытындылар бойынша жоғары сапада білім беру ісін жүргізе алатынын бірнеше рет дәлелдей алған оқу орны:

- Ұлттық рейтинг көрсеткіші бойынша (БСҚА) көпсалалы ЖОО-лар арасында 8 орын – 2019 жыл;

- Еуропа және Орта Азияның дамушы елдері арасында (аймақтың 2900 университеті) ТОП-250-300 үздік ЖОО-лар арасында көрінуі: QS World University Rankings: Emerging Europe and Central Asia;

- Халықаралық рейтинг бойынша Қазақстандағы 95 жоо арасында ARES көрсеткіші бойынша 7 орыннан көрінуі.

Атамекен ҰКП-ның 2019 жылғы тәуелсіз рейтингінің нәтижесі бойынша бакалавриаттың 4 білім беру бағдарламасы Қазақстанның үздік ЖОО-лары арасында үштікке және 7 орынға көтерілді.

Университет балансында жалпы алаңы 25784,8 м² құрайтын 3 оқу корпусы, 1556,3 м² құрайтын оқу-зертханалық кешені, 2765,0 м² құрайтын кітапхана, 414,7 м² құрайтын әскери кафедра бар. ОПК мен студенттердің сауықтыру және салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында Балқаш көлінің маңында оқу-сауықтыру полигоны, «Қарлығаш» спорттық-білім полигоны, 1000 орындық стадион, тренажер залы, Алакөл көлі маңында оқу-сауықтыру полигоны жұмыс істейді. Оқу орнында тамақтандыру мен медициналық қызмет көрсетуге айрықша көңіл бөлінген.

Сырттан келіп оқитын студенттерге жалпы алаңы 8548,4 м² құрайтын 524 жатын орынға арналған 2 жатақхана қарастырылған. 2020 жылы тағы 288 жатын орынға арналған жаңа жатақхана пайдалануға берілмек.

Заңды тұлғаның мекен-жайы:

040009, Талдықорған қаласы,

Жансүгіров көшесі, 187-А үй.

тел.: 8 (7282) 40-10-22

e-mail: www.zhgu.edu.kz

Ресми сайты: <http://zhgu.edu.kz/>

ТАРАУ 2

САРАПТАМАЛЫҚ ТОПТЫҢ СЫРТҚЫ БАҒАЛАУ ЕСЕБІ

Мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу стандарттарына сәйкестігі

Кіріспе

Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің (әрі қарай – І.Жансүгіров ат. ЖМУ) Журналистика және филология кафедрасы 2009 жылдан бастап «5B050400 – Журналистика» білім беру бағдарламасы бакалавр дайындаудың Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес (ҚР БҒМ-нің 03.02.2010 ж. берілген АБ сериялы №0137366 мемлекеттік лицензиясына қосымша) ашылды. ҚР Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 21.12. 2012 ж. №1688 бұйрығы негізінде №12019969 лицензияға қосымша берілген) кәсіби маман дайындау ісін жүзеге асырып келеді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы №569 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышы» бойынша «5B050400 – Журналистика» даярлау бағытының коды және атауы «6B031 Журналистика» болып сәйкестендірілді, халықаралық стандарттық білім беру жіктеуішіндегі коды – 0321.

Кафедраның профессорлық-оқытушы құрамы республиканың білім мен ғылым саласында білікті мамандар даярлауға өлшеусіз үлес қосуда. Бітіруші түлектердің арасынан көптеген мемлекеттік қызметкерлер, атақты ақындар, журналистер, теле-журналистер, PR-мамандары, газет тілшілері шықты.

2019-2020 оқу жылында Журналистика және филология кафедрасында штаттық кестеге сәйкес 9 ғылым кандидаты, 2 философия докторы (PhD) қызмет жасайды. Кафедраның ғылыми әлеуеті – 69 %.

Кафедра жұмысы оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік, оқу-тәрбиелік бағыттарда жүргізіледі. Кафедраның ғылыми-әдістемелік жұмысының негізгі бағыттары – қазіргі отандық журналистикасының салалары, журналистиканы оқыту мәселелері.

Бес жыл бұрынғы білім беру сапасын қамтамасыз ету бойынша Тәуелсіз Агенттік (БСҚА) журналистика білім беру бағдарламасын сараптамадан өткізді. Сарапшының элективті пәндер каталогын жетілдіру, студенттердің халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларға, ғылыми жобаларға қатысуын арттыру, студенттердің ішкі академиялық ұтқырлығын дамыту сияқты ескертпелері назарға алынып, журналистика оқу бағдарламасы бойынша жан-жақты жұмыстар жасалынды.

Аталған бағдарлама аясында БАҚ саласында, сонымен бірге, қоғам мен мемлекет алдында жауапкершілігін терең түсінетін құзыретті мамандар даярлануда.

Стандарт 1. Білім беру бағдарламаларының мақсаттары мен сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясаты

Дәлелдемелер мен талдаулар:

6B03201 (5B050400) – «Журналистика» білім беру бағдарламасы Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің миссиясы мен «2017-2020 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспарына» сәйкес бакалавриат деңгейі бойынша іске асырылады.

Білім беру бағдарламасын даярлау және ұдайы жетілдіру мынадай бірнеше кезеңдерден тұрады: мүдделі тараптардың қажеттіліктері мен үміттерін талдау; білім беру бағдарламасының мақсаттарын орындау; күтілетін оқыту нәтижелері және құзыреттілігі арқылы түлектің моделін қалыптастыру; білім беру бағдарламасының мазмұны мен құрылымын қалыптастыру; оқыту, бағалау әдістерін және білім беру бағдарламасын іске асыру тәсілдерін таңдау; кері және озық байланыс негізінде бағалау және жетілдіру.

ББ-ның дамуы мен жоспарлануы, міне, осы бағытта, екі жақты тараптардың негізгі талаптарын қамтамасыз ете отырып, университеттің стратегиялық даму жоспарына сәйкес ұзақ мерзімді білім беру үдерісін қамтамасыз етуді көздейді.

Журналистика мамандығы бойынша жоғары кәсіптік білім (бакалавриат) стандарты журналистика саласында толыққанды, сапалы, кәсіби білім беруді мақсат етеді.

Ең алдымен, 5B050400 (6B03239) Журналистика білім беру бағдарламасы бойынша «Журналистика бакалавры» академиялық дәрежесінде оқытылатын пәндердің типтік оқу жоспары берілген. Аталған типтік оқу жоспарға сәйкес 5B050400 (6B03239) Журналистика білім беру бағдарламасы бойынша жұмыс оқу жоспары әзірленіп, онда «жалпы білім беру пәндері», «базалық пәндер», «кәсіби біліктілік пәндері» мен «элективті (таңдау) пәндер» компоненттері белгіленген.

Негізгі пәндер циклы жалпы кәсіби және арнайы пәндерді біріктіреді. Олар студенттерге журналистика және журналистика тарихынан, БАҚ тілі мен стилінен, заңнамасы мен этикасынан білім береді; өзінің ойын стильдік тұрғыдан дұрыс жеткізуге үйретеді; әр түрлі жанрларда материал дайындау кезінде тілдің мүмкіндіктерін кеңінен қарастыруға, редакциялаудың негізгі ережелері мен әдістерін, мәтін даярлаудың дағдыларын меңгертеді. Білімгерлер журналистің шығармашылығы туралы ғылымнан хабардар болады, баспасөз теориясын тарихи дамуында танып біледі, ақпаратты жинақтау және соның негізінде өмір шындығына сәйкес шығарма жазуға бейімделеді.

Кәсіби біліктілік пәндері студенттерге баспасөздің, радио және телевизияның, интернеттің қазіргі техникасы мен технологиясы туралы түсінік береді, БАҚ маркетингі мен менеджментін, жарнама және қоғаммен байланыстың негіздерін үйретуге көмектеседі, оқу телестудиясында телехабарлар жасайды, баспасөз зертханасында газет шығарады.

Міндетті оқуға тиісті пәндермен қатар бұл циклда студенттердің таңдауы

бойынша (екі траекторияда) оқытылатын пәндер қарастырылған. *Элективті курстар* негізінен болашақ маманның кәсіби біліктілігін арттыруға және жұмыс берушінің сұраныстары мен тапсырыстарын ескере отырып белгіленген. Бұл болашақ журналистердің әмбебаптылығы мен кәсіби шеберлігін қалыптастыруға жол ашады. Сонымен бірге жұмысқа орналасуына септігін тигізеді.

5B050400 (6B03239) Журналистика білім беру бағдарламасы бойынша бітіруші «Әлеуметтік білім бакалавры» академиялық дәрежесін алады.

5B050400 (6B03239) Журналистика білім беру бағдарламасы білім беруді жоспарлау мен дамытудың нақты міндеттерін белгілей отырып, маман даярлаудың сапасын жақсарту мақсатында төмендегі іс-шараларды жүзеге асыруды жоспарлаған: академиялық адалдық пен академиялық еркіндікті қолдау шаралары; бұл кез-келген бағалау жұмыстары кезінде (ағымдық, аралық, аралық қорытынды бақылау, қорытынды аттестаттауда) ескеріледі. кәсіби нормалар және этиканы қамтамасыз ету саясатын сақтаудың ішкі еңбек тәртіп ережесі; оқытушы мен студенттің ар-намыс кодексі; моральдық нормалар; міндеттемелерді және қоғам мен мемлекеттің жалпыға танылған адамгершілік принциптері мен нормаларына негізделген адал мінез-құлық жүйесін анықтайтын университет қызметкерлерінің моральды-этикалық кодексі. Осы мақсатта «Журналистика және филология» кафедрасында мынандай тақырыпта кураторлық сағаттар өткізілген: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – әрбір азаматтың міндеті», 1-4 курстар, «Жемқорлық және онымен күресу жолдары» (Тәрбие жұмысының жоспарлары және кураторлық сағаттардың хаттамалары).

5B050400 (6B03239) Журналистика білім беру бағдарламасы ЖОО-ның миссиясына сәйкес жүзеге асыра отырып, журналист мамандарды даярлауды қамтамасыз етеді. Білім беру бағдарламасының мақсаттары мен міндеттері І.Жансүгіров атынағы Жетісу мемлекеттік университетінің және Гуманитарлық факультетінің ережелеріне, миссиясына, мақсаттары мен міндеттеріне, стратегиялық даму бағыттарына сәйкес келеді. Білім бағдарламасына жауапты «Журналистика және филология» кафедрасы еңбек нарығы жағдайын, еңбек нарығында мамандардың талап етілуін зерттеу бойынша тұрақты түрде жұмыс жүргізеді.

5B050400 (6B03239) Журналистика білім беру бағдарламасын іске асыруға мүмкіндік беретін жоғары білікті ғылыми-педагогикалық әлеует қалыптастырылған. Гуманитарлық факультетінің «Журналистика және филология» кафедрасы студенттер мансабы бойынша мониторинг жүргізеді, түлектер туралы мәліметтер банкі құрылып, байланыстарды нығайту бойынша белсенді жұмыс жүргізіледі: аяқталған біліктілік жұмыстар тақырыптарына сұраныс-келісу жіберіледі; вакансиялар жәрмеңкесі ұйымдастырылылады; түлектер білімдері, дағдылары, ептіліктерінің сапасы туралы жұмыс берушілерге сұрау жүргізіледі.

Оқу бағдарламасы ғылымдағы соңғы жетістіктерге, журналистика білім беру бағдарламасы бойынша білім мазмұнына және бакалаврды дайындау деңгейіне қойылатын талаптарға сәйкес орындалады. Қоғамдағы өзгерістерге

байланысты білім беру сапасы бойынша жүйелі мониторинг жасап, тиімділігін бағалау, саясатты қайта қарау шараларын жүргізеді.

Кафедра отырыстарында шешімдерді қабылдау үшін студенттердің ағымдық үлгерімінің білім сапасы мониторингі, сабақ беру сапасының мониторингі, білім алушылардың білім беру қызметтерінің сапасына қанағаттану мониторингі жүргізілген және мониторинг нәтижелері білім берудегі сапа менеджменті жүйесі бойынша мониторингтің әр түрі бойынша критерийлер мен нормативтер әзірленген, білім алушыларға әлеуметтік сұраулар жүргізудің әдістемелік аспаптары жасалған.

Барлық оқу құжаттамасы, әзірленген білімді бағалау шкаласы университеттің «Platonus» білім беру порталына орналастырылған, білім алушылар аталған құжатпен толық таныса алады.

Жақсарту мақсатында: ББ бағдарламасының саясатында жалпыұлттық немесе әлемдік деңгейде маңызды ғылыми проблеманы шешуді қамтамасыз ететін зерттеу жұмыстарына бірінші кезекті маңыз беру; оған шет ел жоғары оқу орындарынан білікті мамандарды тарту; нарықтық экономиканың қажеттіліктеріне, жаһандану процестеріне, халықаралық талаптарға сәйкес келетін бәсекеге қабілетті маман кадрларды даярлауға қатты көңіл бөлу.

1-стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – толық сәйкестік

Стандарт 2. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпараттарды басқару

Дәлелдемелер мен талдаулар:

Кафедрада білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту, іске асыру, мониторинг жүргізу және тиімділігін бағалау білім беру бағдарламасын басқарудың біртұтас үдерісі ретінде жолға қойылған. «Журналистика» білім беру бағдарламасы МЖМБС-қа («Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Үкіметінің 2012 жылдың 23 тамызындағы №1080 қаулысына (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы №292 қаулысымен өзгертіліп, толықтырылған), «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастырудың қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №90 бұйрығына, 2018 жылғы 12 қазандағы № 563 бұйрығына өзгертулер мен толықтырулар енгізілген) және кәсіби стандарт пен үлгілік оқу жоспарына сәйкес құрастырылып, жүзеге асырылады.

«Журналистика» білім беру бағдарламасының құрылымы келесі кезеңдер бойынша сатылай талқыланып, бекітіледі: кафедра мәжілісі – факультет кеңесі – университеттің Ғылыми кеңесі.

ББ меңгеру мерзімі «Жоғары және жоғарыдан кейінгі білім беруді ұйымдастыру қызметінің типтік Ережесі негізінде (ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы №499 Қаулысы), (ҚР Үкіметінің 2013 жылдың 17 мамырындағы №499 қаулысы) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 29 қазандағы №592 бұйрығына, Қазақстан Республикасы Білім және

ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығының 5 қосымшасының 53 тармағына сәйкес бекітілген.

«Журналистика» білім беру бағдарламасының мазмұны оқыту нәтижелері мен құзыреттілікке бағытталған. Оқытудың нәтижелері Дублин дескрипторларының бірінші деңгейі (бакалавриат) негізінде анықталған және құзыреттілік (адамның белгілі бір білім бағдарламасын игеруі және соның нәтижесінде алған білімін, білігі мен дағдысын кәсіби қызметінде қолдана алу қабілеті) арқылы анықталады. Оқыту нәтижелері мен құзыреттіліктер бағдарламаның барлық деңгейінде: модульдің де, жеке пәннің де деңгейінде сипатталған. «Журналистика» білім беру бағдарламасының құрылымы құзыреттіліктің екі тобын қамтиды: жалпы (әмбебап) және кәсіби (пәндік-арнайы). «Әлеуметтік-саясаттану» білім модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология), Қоғамдық ғылымдар саласындағы қосымша білімдер модулі (Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері, Көшбасшылық қасиеттер және инновацияны қабылдау, Ілиястану) *жалпы білім беру мен әлеуметтік-тұлғалық құзыреттіліктерді* қалыптастыруға бағытталған.

Оқу үдерісін жаңарту (модернизациялау) оқытушылар мен студенттердің білім беру қызметін дамытуды, жетілдіруді көздейді. Білім беру бағдарламасын модернизациялаудың неғұрлым көп тараған механизмі білім берудің көп деңгейлі жүйесі, кредиттік және қашықтықтан оқыту технологияларын енгізу, модульді оқытуды ұйымдастыру, білім беру үдерісінде инновациялық технологияларды қолдану, оқытушылар мен студенттердің академиялық ұтқырлығын дамыту, көптілді кадрлар даярлау, бірлескен білім беру бағдарламаларын іске асыру, білім беру үдерісінің ашық және объективтілігін қамту, оқытушылар мен студенттердің оқу қызметін қолдаудың технологиялық жүйесін енгізу болып табылады.

Модульді білім беру бағдарламасын құрастыратын комитет тобының құрамы университет ректорының бұйрығымен бекітілген. Модульдік білім беру бағдарламасы құрастырылғанда, пәндерді оқыту жүйелілігі сақталған және мақсат-міндеті мен құзыреттілігі сәйкес келетін пәндерді бір модульге жинақтау қағидасы қалыптасқан. Студенттің оқу үдерісінің басты мақсатына жетудегі іс-әрекетіне, яғни білім алуына, кәсіби шығармашылық аумағында нақты дағды мен біліктілікті қалыптастыруына бағытталған. Пәндерді оқытудың логикалық жүйелілігі пәндердің үлгілік бағдарламасы және элективті пәндер каталогы негізіндегі пререквизиттер мен постреквизиттер жүйесімен анықталған. Білім беру бағдарламасы бойынша игерілетін құзыреттіліктерге сараптама жасалады. Бұл сараптама білім беру бағдарламаларының сапасын арттыруға мүмкіндік береді, жалпы (әмбебап) және кәсіби (арнайы) құзыреттіліктердің қалыптасуын қамтамасыз етеді. Модульді білім беру бағдарламасының құрылымы мен мазмұнын анықтаудағы жалпы (әмбебап) және кәсіби (арнайы) құзыреттілікке ие болу – білім беру үдерісіндегі маңызды мәселе болып табылады.

Соған қарамастан, оқытудың жаңа технологияларына, зертханалық дәрістерге негізделген IT, цифрлық, web-медиа-дизайндық пәндер аз

қарастырылғандығы аңғарылады. Оларды оқу үдерісіне енгізу арқылы жаңа медиа маманын әзірлеуге мүмкіндік туған болар еді. Мұны міндетті түрде жұмыс берушілермен, жоғары курс студенттерімен тығыз қарым-қатынаста ақылдаса отырып жұмыс оқу жоспарына енгізген жөн.

Кафедрада кәсіби іс-тәжірибе жоғары білім беру бағдарламасының міндетті компоненті болып табылады. Іс-тәжірибенің әрбір түрінің қалыптастыратын құзыреттіліктеріне қарай өз мақсаты бар. «Журналистика» білім беру бағдарламасында оқу, өндірістік іс-тәжірибе түрлері жоспарлы түрде іске асырылады. Өндірістік іс-тәжірибені ұйымдастыру мен өткізу деңгейі мен сапасы маман даярлаудың мақсаты мен талаптарына сай – ішкі Ереже негізінде, академиялық күнтізбеге бойынша, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында бекітілген көлеміне сәйкес жүргізіледі. 2 семестрде оқу іс-тәжірибесі – 1 кредит, 4 семестрде оқу іс-тәжірибесі – 2 кредит, 6 семестрде өндірістік іс-тәжірибе – 5 кредит, 8 семестрде өндірістік іс-тәжірибе – 15 кредитті құрайды. Бұл ҚР МЖМБС-ға және мамандықтың ҰОЖ талаптарына сәйкес келеді. Нормативтік құжаттарға сәйкес тәжірибенің барлық түрлері бойынша жұмыс бағдарламалары, әдістемелік нұсқаулық жасалып, бекітілген. Нұсқаулықта іс-тәжірибеден өту барысында студенттерге қойылатын талаптар мен тапсырмалар, іс-тәжірибе мазмұны, есеп беру құжаттарының түрлері, олардың рәсімделу үлгілері және т.б. қамтылған.

«Журналистика және филология» кафедрасы Алматы облыстық «Жетісу» телеарнасы, «Талдықорған» қоғамдық-саяси газеті («Талдықорған таңы» ЖШС), Алматы облыстық «Жетісу» қоғамдық-саяси газеті, «Нұрлы Көксу» қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті («Нұрлы Көксу өңірі» ЖШС), «Жаркент өңірі» қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті, Алакөл аудандық «Алакөл» қоғамдық-саяси газеті, «Бастау» қоғамдық-саяси апталық газеті, Алматы облыстық «Огни Алатау», «Ақсу өңірі» қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті («Ақсу өңірі» ЖШС), қоғамдық-саяси газеті, «Білім шапағаты» апталық Республикалық газеті, «Қазақ газеттері» ЖШС «Ана тілі» газеттерімен келісім-шартқа отырған.

Ескерту: Медианың жаңа технологияларына, зертханалық дәрістерге негізделген IT, цифрлық, web-медиа-дизайндық пәндерді көбірек жоспарлап, оларды оқу үдерісіне енгізу және ол пәндерді жұмыс берушілермен, жоғары курс студенттерімен тығыз қарым-қатынаста ақылдаса отырып таңдап алу.

Жақсарту мақсатында:

1. 5B050400 «Журналистика» білім беру бағдарламасындағы міндетті және элективті пәндер мазмұнын қазіргі цифрлық журналистика, медиа сауаттылық және жаңа медиа бағыттарына сәйкес келетін пәндермен жаңартып, жетілдіру.

2. Жаңартылған білім беру мазмұнын критериалды бағалау жүйесімен, оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдерімен байыта отырып, қорытынды бағалау түрлерін шығармашылық әдіс-тәсілдермен (мини-жоба, жоба, эссе т.б.) түрлендіру.

2-стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – елеулі сәйкестік

Стандарт 3. Студентке орталықтандырылған оқыту, білім беру және бағалау

Дәлелдемелер мен талдаулар:

Оқыту, білім беру және оны бағалау білім алушылардың мүдделеріне негізделген. Білім беру бағдарламасын меңгеру кезінде студенттер өз бетінше *жеке оқу траекторияларын* таңдайды. Осыған байланысты әр оқу жылының аяғында келесі оқу жылына элективті пәндерді және оқытушыларды таңдау үдерісі іске асырылады. Таңдау кезінде студент үлгілік оқу жоспарына, элективті пәндер каталогына сүйенеді. Соның негізіне *студенттің жеке оқу жоспары* құрастырылады. Жеке оқу жоспарды құруға бағыт-бағдар беретін эдвайзерлер тағайындалады. Жыл сайын бірінші курстарға арналған Анықтама-жол-сілтеме жарыққа шығарылып, ол университет сайтында жарияланады. Сонымен қоса студенттің курстық және дипломдық жұмыстардың тақырыптарын және ғылыми жетекшісін таңдауға мүмкіндігі бар.

Білім алушылармен сұхбат барысында олардың эдвайзердің көмегімен мамандықтың үлгілік оқу жоспары мен элективті пәндер каталогы негізінде өзінің оқыту траекториясын анықтап, жеке оқу жоспарын (ЖОЖ) құратындықтары айғақталды. Ақпараттық жүйедегі силлабустардың электрондық нұсқасынан студенттер пәннің пререквизиті мен постреквизитін көре алады және пәнді жүргізетін оқытушыны таңдай алады. Бұл оқыту траекториясын дұрыс құруға негіз болады.

Студенттің жеке оқу жоспарымен (ЖОЖ) танысқанымызда студенттерге пәндер мен оқытушы таңдауда еркіндік берілетіні, өз бетімен әрекет етуге, шешім қабылдауға мүмкіндік жасалатындығына көзіміз жетті.

Бірінші курс студенттері үшін кафедра ПОҚ, эдвайзер, офис-тіркеуші бөлімі мен деканат қызметкерлері академиялық қолдау көрсету арқылы бағдарлау рәсімдерін өткізеді. Студентке оқытудың кредиттік технологиясы жайлы практикалық ақпарат беретін ақпараттық - анықтамалықтың электрондық нұсқасы университет сайтында, сонымен қатар, оқу үдерісін қамтамасыз ететін ақпараттық жүйедегі әр студенттің жеке парағында берілген.

Оқу үдерісі кезінде оқытушы, кафедра, факультет тарапынан білімгердің жеке қасиеттері үнемі ескеріліп отырады. Әрбір студентке жекелей қарым-қатынас орнату барынша іске асырылады. Шығармашылық мамандық болғандықтан көбінесе студенттер журналиске тән бостандықты жандары қалап, ойларын еркін жеткізіп, қысылып-қымтырылу дегеннен бойларын алшақ ұстайды. Біздің білімгерлер 3,4 курста көбінесе 30% жуық мамандықтар бойынша жұмысқа орналасып, теориялық тұрғыда алған білімдерін одан әрі шыңдап, тәжірибе жүзінде көрсетіп, аймақтық телеарна мен баспаларда бос уақыттарын өткізіп, жұмысқа орналасып жатады.

«Студент – оқытушы» қарым-қатынасындағы өзара сыйластық оқу үдерісінде, тәрбие жұмысы барысында көрініс табады. Студенттің даралығы оқу үдерісінде, еркіндікке ұмтылысы қоғамдық және аудиториядан тыс іс-шараларды ұйымдастыруда, дербестігі, өзін-өзі құрметтеуі қоршаған ортадағы

қарым-қатынасы арқылы анықталып, тұлғалық және кәсіби өсуіне өндірістік іс-тәжірибе барысында жағдай жасалады.

Студенттердің ағымдық бақылауы және аралық аттестациясы балдық-рейтингтік жүйе бойынша бағаланады. Ол студенттердің үлгерімін ағымдық бақылау және білім алушылардың аралық аттестациясын өткізу ережесіне сәйкес жүргізіледі. Рейтинг жүйесіне білімгерлердің дәріс сабағындағы белсенділіктері, практикалық сабақтардағы көрсеткіштері, рефераттар мен жобаларды қорғауы, өзіндік жұмыстары, тест тапсырмаларын орындауы, жазбаша бақылау жұмыстары енеді. Білім алушылардың оқудағы жетістіктері 14 апта бойы, 4 рет СӨЖ, 2 рет аралық бақылау 100 балға дейін бағаланады. Ағымдық және аралық бақылаудың барлық түрлерін дәріс оқытын оқытушы өткізеді. Бұл баға берілген пән бойынша қорытынды бағаның 60%-ын құрайды.

Емтихан сессиясының нәтижесі бойынша тіркеу офісі студенттің академиялық рейтингісін жасайды және емтихан нәтижесі жайлы деканатқа ақпарат беріп отырады. Кафедра отырысында әр топ эдвайзері топтың емтихан сессиясын тапсыру нәтижесі бойынша есеп береді.

Әрбір академиялық кезең аяқталған соң үлгерім бойынша жинақ мәліметтер кафедраларға, эдвайзерлерге жолданып, білім беру әрекетін жақсарту бойынша ұсыныстар мен талдаулар жасалады.

Күндізгі және қашықтықтан оқыту бөлімі студенттерінің 2014-2018 жылдар аралығындағы сессия нәтижесіне талдау жасай отырып, үлгерім көрсеткіші едәуір жоғарылағанын айтуға болады. Тек қана «өте жақсы» және аралас «өте жақсы», «жақсы» бағаларын алған студенттер саны айтарлықтай артқан.

2017-2018 оқу жылынан бастап диплом жұмысын жазуда студенттердің таңдауы ескеріледі, яғни, студент диплом жұмысын жазуды не мемлекеттік емтихан тапсыруды өзі таңдайды.

Университетте студенттердің қабілеттерін дамытуға, олардың әлеуетін жүзеге асыруға, сондай-ақ қызығушылықтарына қарай студенттік клубтар мен шығармашылық бірлестіктерді дамыту үшін мүмкіндіктер жасақталған. Мамандық студенттері «Жас Отан» ЖҚ, «Жасыл ел» тәрізді қауымдастықтардың, «Жайдарман», «Пікірсайыс», «Мизам» әдеби клубы, «Жас түлек» театры, «Студенттік баспасөз орталығы» клуб сынды студенттік клуб, дебаттық клуб мүшелері бола отырып, осы саладағы мәселелерге қатысты шешімдердің қабылдануына ат салысады. Студенттік бірлестіктердің жұмысы тәрбиелік, әлеуметтік және мәдени-бұқаралық бөлімдердің бақылауымен атқарылады.

Дегенмен, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысуына айрықша көңіл бөлініп, олардың республикалық, халықаралық Startup жобаларына қатысуына ықпал ету маңызды міндет болмақ.

Бірінші курс білімгерлері үшін университет сайтында оқу орны туралы жалпы ақпарат берілген. Ол білім алушыларды университеттің академиялық өмірінің ерекшеліктерімен таныстырып, оқу үдерісін ұйымдастыру ретін және білімгерлердің құқықтары мен міндеттерін сипаттайды.

Жеке оқу жоспарын факультет деканы 3 данада бекітеді: біреуі деканатта сақталып, білім алушының оқу жоспарын орындауына бақылау жасауға негіз болса, екінші данасы тіркеу офисіне, үшіншісі студентте болады. Әр пән бойынша оқу үдерісінде студенттерден кері байланыс алынады, студенттер сол арқылы тиімді оқыту әдістерін таңдауға мүмкіндік алады. Әрбір оқу жылының соңында келесі оқу жылындағы электив пәндер мен оқытушыларды таңдай отырып, студент жеке оқу бағдарламасын өзі таңдайды.

Мамандықта оқитын студенттердің әлеуметтік жағдайы, оқу қабілеттері, шығармашылық белсенділігі анықталып, ПОҚ тарапынан олардың сұраныстары ескеріледі. Әлеуметтік жағдайы төмен студенттерге университет тарапынан қаржылай көмек көрсетіледі, жатақханамен қамтамасыз етіледі, мемлекеттік грантта оқитын студенттер үшін жатақхана тегін беріледі.

Барлық студенттер оқу мерзімі кезінде қоғамдық көлікте тегін жүруге мүмкіндік беретін жол жүру билетімен қамтамасыз етіледі. Басқа қалаларда студенттерге мұндай жағдай жасалмаған. Тәуелсіздік күніне орай белсенді, тұрмыс жағдайы нашар, көпбалалы отбасынан шыққан студенттерге арнайы сыйақы тағайындалады. Студенттер үшін мәдени іс-шараларға жеңілдіктер жасалып отырады.

Қандай да бір психологиялық көмекке зәру балалар кездесе кураторлардың хабарлауымен университеттегі психологқа жолықтыруға жағдай жасалған. Оқуға деген ерекше құлшынысы немесе керісінше пәнді игеруде қиындық байқалған болса білімгерлермен оқытушылардың арнайы жеке жұмыстар жүргізуі де қарастырылған. Сынып сағаттарында, түрлі жиналыстарда да білімгерлерге оқу үдерісі мен жеке өмірлерінің, қосымша табыс табу үшін жасайтын жұмыстары арасында баланстың сақталуын ескерулері сұралады.

Университетте 2 студенттік жатақхана бар. Жатақханаға мұқтаж студенттерге онда орындар беріледі. Білім алушылар үшін толыққанды өмір сүру мен оқу үшін қолайлы жағдайлар жасалған.

Жатақханада студенттің тамақтану орталығы, Интернетке қосылған компьютерлік сынып, оқу-әдістемелік әдебиеті бар кітапхана, заманауи аудио және видео техникамен, дыбыстық жабдықтармен қамтамасыз етілген демалыс бөлмесі бар.

Жастардың патриоттық тәрбиесі мен азаматтық ұстанымын қалыптастыру, әлеуметтік жауапкершілігі мен әлеуетін ашу жолында шаралар кешенін іске асыруда университеттің тәрбие және әлеуметтік жұмыстарын Жастар саясаты және әлеуметтік мәселелер департаменті үйлестіреді. Оның құрамына тәрбие және әлеуметтік жұмыс жөніндегі бөлім (мәдени ұйымдастырушы, дінтанушы, психолог), мәдени көпшілік іс-шаралар бөлімі («Жас түлек» студенттер театры, «Шағала» би ансамблі, Музыкалық студия), спортклуб, «Мәңгілік ел» ғылыми-білім беру орталығы, «Жетісу университеті» газеті кіреді. Мамандық студенттері Ә.Чукенов, М.Кусманова, Алтаева Дина, М.Сейтқали, М.Жұмабай, Т.Айтбаев «Жас түлек» студенттік театрының белсенді мүшелері.

Ескерту: Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысуына айрықша көңіл бөлініп, олардың республикалық, халықаралық Startup жобаларына қатысуына ықпал ету.

Жақсарту мақсатында:

1. Кредиттік оқыту жүйесіне сәйкес 6B03201 (5B050400) – «Журналистика» білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылардың ішкі және сыртқы ұтқырлықты қамтамасыз ету мүмкіндіктерін кеңейту.

2. Білім алушылардың журналистика саласында танымдық және шығармашылық қызығушылықтарын дамыту мақсатында медиадағы жаңа ғылыми зерттеулер мен жаңалықтарды талқылауға арналған ғылыми үйірме жұмыстарын ұйымдастыру.

3-стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – елеулі сәйкестік

Стандарт 4. Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау
Дәлелдемелер мен талдаулар:

Тұрақты түрде студенттерді қабылдауда жоспарлы түрдегі кәсіби бағдар жұмысы маңызды рөл атқарады. Кәсіптік бағдар беру жұмысы студенттерді жасақтауды қалыптастыру мақсаты мен міндетіне сәйкес қабылдау комиссиясымен, факультеттермен және университет кафедраларымен бірлесе отырып жүзеге асырылады. Кәсіптік бағдар жұмысы тек оқуға ғана шақырып қоюмен шектелмейді, сондай-ақ мамандық таңдауға да көмегін тигізіп, болашақ таңдаған мамандығының сипатты белгілері мен атқаратын қызметтерін, талаптарын түсіндіреді. Талапкерлерді конкурс негізінде іріктеу талаптарының деңгейі, түлектердің білім беру стандарты талаптарын орындау дәрежесі, түлектердің еңбек нарығындағы сұранысқа ие болуы, жұмыс берушілердің пікірлері білім беру бағдарламасының нәтижелілігін көрсетеді. Жұмыс берушілер тарапынан берілген оң мінездемелер бітірушілердің дайындық сапасына қанағаттанғандығын білдіреді. Білім беру нәтижелілігі көрсеткіштерін бағалайтын түлектердің еңбек нарығындағы сұранысқа ие болуын дәлелдейтін құжаттар мен жұмыс берушілердің сұраныстары кафедрада жинақталған.

Бакалавриатқа қабылдау ережелері туралы ақпарат, өткізілетін құжаттар тізбесі, университеттегі мамандықтар тізімі, қазақ және орыс тілдеріндегі түсу емтихандарының бағдарламалары, емтихан қабылдау кестесі, нормативтік құжаттар, хабарландырулар және т.б. университеттің (<http://zhgu.edu.kz/>) ресми сайтында, сондай-ақ ақпараттық қабырға бұрыштарында орналастырылады. Сонымен қатар, оқуға түсу туралы ақпаратты қабылдау комиссиясында жұмыс істейтін кеңесшілерден, жоспарланған іс-шаралар кезінде (абитуриенттермен кездесулер, ашық есік күндері және т.б.) үгіт-насихат жұмысына жауапты қызметкерлерден де алуға болады. Талапкерлерге арналған мамандықтар тізбесі, оқуға және жеңілдіктерге құжат қабылдау мерзімі қалалық басылымдарда, облыстық телеарналардың жүгіртпе жолдарында жарияланады. Университетке қабылдауды университеттің қабылдау комиссиясы 2019 жылдың 15-20 қаңтары аралығында ҰБТ-ның алғашқы кезеңі өткен соң

басталып, 25 тамызға дейін жүргізеді. 2020 жылдың 01 желтоқсанынан бастап талапкерлердің құжаттарын қабылдау басталды (http://zhgu.edu.kz/simple_menu.php?content=novyy-format-ent).

Жоғары оқу орны әр уақытта университет мамандықтарын студенттер контингентімен қамтамасыз ету мақсатында, түлектерді сапалы іріктеп алу үшін, жоғары оқу орны студенттер контингентінің болашағын болжау үшін орта білім беру мекемелерімен тығыз байланыста жұмыс жасайды. Университеттегі жүргізілетін кәсіби бағдар жұмысы болашақ түлектің мамандық таңдауына жауапкершілікпен қарауына жағдай туғызады. Университет жұмыс берушілермен жүйелі түрде байланыс жасап тұрады. Университеттің Ғылым және стратегиялық даму орталығы жұмыс берушілер арасында жыл сайын сауалнама жүргізеді.

«Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылға 19 қаңтардағы №111 қаулысына сәйкес (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 26, 363-құжат) және 2017жылғы 3 шілдедегі № 412 өзгерістерімен «Журналистика» мамандығының бакалавриатына 2 міндетті пәннен (оқу сауаттылығы, Қазақстан тарихы) және 2 турдан тұратын шығармашылық конкурстан (эссе жазу және портфолио қорғау, сұрақ-жауап) шекті деңгейі 50 балл алған талапкер қабылданады.

2019 жылдан бастап оқуға қабылдау «Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына» сәйкес іске асырылады (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы 1-қосымшасы). Атап айтқанда, «ЖОО-ға жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар адамдар қабылданады. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына оқуға қабылданады. «Орта буын маманы» немесе «қолданбалы бакалавр» біліктілігін алған, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар адамдар ЖОО-ға қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша ҰБТ нәтижесімен қабылданады. ЖОО-ға жоғары білімі бар адамдарды қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламаларына ақылы негізде қабылдауды шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларына оқуға түсушілерді қоспағанда, ЖОО-лардың қабылдау комиссиялары жазбаша емтихан нысанында жүзеге асырады.

Оқу үдерісінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында студенттердің мүддесін ескере отырып тіркеу офісі ақпараттық-анықтамалық тарату қызметін жақсартуы тиіс: онда ішкі тәртіп ережелері, барлық қызмет көрсету орталықтарының жұмыс істеу кестесі, оқытушылар және әкімші туралы мәліметтер, оқу ақысын төлеу реті, оқыту нәтижелерін бағалау талаптары, білім беру курстары туралы мәліметтер, телефон анықтамалығы енгізілгені жөн.

Ақпараттық-анықтамалықтың басылып шыққан нұсқасы студенттерге оқуға түскеннен кейін беріледі, ал электронды нұсқасы университеттің (<http://zhgu.edu.kz>) сайтында, сонымен қатар, оқу үдерісін ақпараттық қамтамасыз ету жүйесінде (ОҰАҚЕЖ) орналасқан әрбір студенттің жеке парақшасында орналасқан.

ЖМУ-дағы жүйе оқыту үрдісімен және студенттердің оқу үлгерімін тіркеумен байланысты, яғни қабылдау комиссиясы жұмысынан бастап диплом беруге транскриптарды дайындаумен аяқталатын процедуралық шаралардың барлығын автоматтандыруға мүмкіндік береді. Оқытудың кредиттік технологиясын ақпараттық қолдау оқу үрдісін ақпараттық жүйе арқылы қамтамасыз ету бойынша жүзеге асырылады.

Ауысып келген студенттерге деканат, кафедра, кураторы және топтағы студенттер тарапынан қандай да бір көмек қолын созуға асығып тұратындығын айтамыз. Білімгер өзін жаңа ортада еркін ұстауына жан-жақты септік тигізіледі.

Басқа жоғары оқу орындарынан ауысу «Білім алушыларды білім беру ұйымдарының түрлері бойынша ауыстыру және қайта қабылдау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы №19 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

Эдвайзерлер ауысып келген студенттерге оқу траекториясын таңдауға және университеттің (ауысып келген мамандығының) оқу үдерісіне сәйкес жеке оқу жоспарын құруға көмек береді. Ауысып келген студенттердің ауысу кезіндегі кредиттерін қайта есептеу, мамандықтың білім беру бағдарламасын, оқыған пәндерінің тізбесін, олардың кредит көлемін, алынған білім, білік, дағдысын және құзыреттерін тану Лиссабон конвенциясының принциптері талап ететін оқыту нәтижелерімен салыстыру негізінде іске асырылады. Университетте көрсетілетін бұл қызметтер басқа жоғары оқу орындарынан ауысып немесе академиялық ұтқырлықпен келген студенттердің жаңа ортаға тез бейімделіп, оқу үдерісінен қалмай ілесіп кетуіне жағдай туғызады.

Университетте студенттерге қызмет көрсету орталығымен басқарылатын (<http://zhgu.edu.kz>) ресми сайтта орналасқан онлайн портал бар. Бұл порталға әр факультеттің деканаты өз логин, паролімен кіреді.

Осы құрылымдағы әрбір студенттің логині арқылы деканат олардың оқу үдерісін қадағалай алады. Студенттер туралы мәліметте әрбір студент туралы толыққанды мәліметтер базасы жасалынған (жеке куәлігіндегі мәліметтер, білімі туралы, отбасы жағдайы т.б.). Осы порталдағы ауқымды мәліметтер қоры деканат есептерінде қамтылады (оқу үдерісі туралы, студенттердің контингенті туралы, әлеуметтік жағдайы туралы, грант туралы, академиялық ұтқырлық бойынша т.б.).

Мәліметтердің электронды базасы түрлі деңгейдегі құрылымдар қызметінің нәтижесін басшылардың жан-жақты талдау жасауына, нақты деректер негізінде шешім қабылдауға ықпал етеді.

Жақсарту мақсатында: Оқу үдерісінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында студенттердің мүддесін ескере отырып, ақпараттық-мониторинг

қызметін жақсарту: оны ішкі тәртіп ережелерімен, барлық қызмет көрсету орталықтарының жұмыс істеу кестесімен, оқытушылар және әкімші туралы мәліметтермен, оқу ақысын төлеу ретімен, оқыту нәтижелерін бағалау талаптарымен, білім беру курстары туралы мәліметтермен толықтыру.

4-стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – толық сәйкестік

Стандарт 5. Профессор-оқытушылар құрамы

Дәлелдемелер мен талдаулар:

Профессор-оқытушылар құрамы университеттің міндеттерін жүзеге асыру және миссиясын қамтамасыз ету үшін басты ресурс болып табылады. Осыған байланысты ЖОО кадрларды іріктеуге, даярлауға және қайта даярлауға аса көңіл бөледі. Білім беру бағдарламасын іске асыру базалық білімі сәйкес және ғылыми немесе ғылыми-әдістемелік қызметпен жүйелі түрде айналысатын педагог кадрлармен қамтамасыз етілген.

Кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамының жеткіліктілігі білім алушыларға пән оқытушыларын таңдауға мүмкіндік береді. ПОҚ құрамының түйіндемелері мен мінездемелері мамандардың практикалық тәжірибесін, іскерлік белсенділігін, оқу, ғылыми, әдістемелік және ұйымдастыру-тәрбиелік қызмет сапасын бірге есептегенде өз қызметтеріне лайықтығын айқын көрсетеді. Оқытушылардың базалық білімдері жүргізетін пәндеріне сәйкес. Құжаттар көшірмесі аталған жетістіктерді айғақтайды. ПОҚ құрамы тұрақты.

2019-2020 оқу жылында Журналистика және филология кафедрасында штаттық кестеге сәйкес 17 оқытушы: 2 философия докторы (PhD), 8 ғылым кандидаты жұмыс істейді. Кафедраның ғылыми әлеуеті 69%.

Журналистика және филология кафедрасындағы ПОҚ-тың диссертация қорғау бойынша бағыттары мен шифрлары төмендегідей:

1 PhD докторының мамандық шифры – 6D050400–журналистика – 17.04.2014 философия докторы;

1 PhD докторының мамандық шифры – 6D020900–шығыстану – 10.04.2012 философия докторы;

1 ғылым кандидатының мамандық шифры – 22.09.2009 – тарих;

1 ғылым кандидатының мамандық шифры – 21.02.1992 – педагогика;

6 ғылым кандидатының мамандық шифры – 01.03.1985, 30.06.1997, 15.02.1995, 27.01.1994, 30.06.2011, 28.02.1985 – филология;

Оқытушының жеке жұмыс жоспары жыл сайын бекітілген жаңа үлгі бойынша 2 дана (бірі-кафедраға, екіншісі оқу бөліміне өткізіледі) құрастырылады. Кафедра, факультет отырысында қарастырылып, факультет деканының бекітілуіне ұсынылады.

Оқу жылының бірінші жартысының аяғында кафедрада оқытушылардың жеке жұмыс жоспары бойынша орындаған жұмыстарының есебі тыңдалады. Орындалған жұмыс көлемі, орындалмаса немесе жартылай орындалса себебі есепке алынады. *Дегенмен, кей жағдайда оқу жүктемесінің әр оқытушы үшін екі семестрге тең жағдайда бөліну тиімділігінің сақталмай отырғандығы*

анықталды. Мұндай нормативті құжат университет ережесіне сай жүзеге асырылуы тиіс екендігі аңғарылады.

Әр оқу жылының соңында ПОҚ жеке жұмыс жоспарларының орындалуы туралы кафедра отырысында жылдық есеп береді. Атқарылған жұмыстар туралы мәліметтер оқытушы қызметін кешенді бағалаудың жинақ көрсеткіштерін, яғни рейтингтік балын шығаруда ескеріледі.

Оқытушы рейтингісі конкурс арқылы қызметке орналастыруда, келісім-шартқа отыруда, бір лауазымнан екіншіге ауыстыруда, тарифтік көрсеткішті жоғарылатуда, ғылыми атаққа ұсынғанда, сондай-ақ, марапаттауларда назарға алынады.

Оқу жүктемесіне оқу сабақтарын өткізу, СОӨЖ бойынша кеңес беру, емтихан, аралық бақылау, дипломдық жұмыстар мен практикаға басшылық жасау кіреді. Білім беру бағдарламасы бойынша оқу пәндерін бекіту туралы мәліметтер жұмыстық оқу жоспарынан алынған үзіндіде көрсетілген, онда кредиттер, семестрлер, аудиториялық және аудиториядан тыс сағаттар көрсетілген пәндердің атаулары, сондай-ақ тиісті курсты оқитын аталған кафедраның немесе өзге де кафедра жетекшілерін қол қою арқылы растайды. Оқу жүктемесі ғылыми зерттеу бағытын ескере отырып, оқытушының жеке жұмыс жоспары негізінде қалыптасады.

Есепте кафедра оқытушыларының ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері элективті курстар, дипломдық жұмыстарды, магистрлік диссертацияларды дайындау, оқу құралдарын жазу, ғылыми мақалалар, оқу-әдістемелік кешендер шеңберінде оқу процесіне енгізіледі деп жазылғанымен, аудит барысында ПОҚ ғылыми жетістіктерін оқу процесінде енгізу мәселесі құжаттандырылмағанын көрдік.

Дегенмен, ПОҚ жүктемесінің көлемі университеттің Ғылыми кеңесінде талқыланып, анықталады. 2019-2020 оқу жылында әр оқытушының бір жылдық оқу жүктемесі – 650 сағатты құрады.

«Scopus» мәліметтер базасына енетін журналдарда жарыққа шыққан ПОҚ-тың мақалалары:

№	ПОҚ аты-жөні	Мақала тақырыбы және журналдың атауы
1	G.Chukenayeva, G.Smagulova, K.Sarbasova, A. Rakhimova, S. Saduakasova, A.Turysbekova	Journal of Language and Literature, ISSN: 2078-0303, Vol. 7. No. 3. 15 August, 2016.
		Main directions of the Language Policy of the European Union and Kazakhstan
2	M. Jakypbekova, B. Kozhekeeva, A. Tanzharikova, A. Abilmazhinova, K.Madibayeva.	4830/24, Ansari Road, Darya Ganj, New Delhi-110002 (India) SP\SKJ\2017 1st August, 2017 ID: MII-2017-6008
3	S. Kozhagulov, M. Jakypbekova, G. Syrlybayeva, M. Tumabayeva,	Textual study of abay's first publications

	G. Tulekova, N. Seraliyeva, G. Tulekova	Chsherbovskh, I.G.
4	G.K. Lukhmanova, V.V.B Mishchenko, I.G. Chsherbovskh, G.Z. Yerzhanova Z.M.Alimzhanova,	Opcion. On the effectiveness of blended learning technologies in higher education(Article) Volume 35, Issue 20, 2019, 278-286p
5	R.K.Aralbayeva, G.S.Sultanova, Kerimbayeva, R.K., Chsherbovskh, I.G.	Espacios. Features of the application and management of innovative practices in the system of higher education of the Republic of Kazakhstan Volume 40, Issue 8, 2019, 13p

ПОҚ-тың оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік жұмыстары «Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру мен жүзеге асырудың Ережесін» бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы №583 бұйрығы негізінде (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 28 қыркүйектегі №507 бұйрығына өзгертулер мен толықтырулар енгізілген) арқылы іске асырылады.

«Журналистика» білім беру бағдарламасы бойынша бағдарламаны жетілдіру мақсатында жұмыс берушілердің ұсынысымен модульдік білім беру бағдарламасына жаңа пәндер енгізілді. Атап айтсақ: «Имиджелогия», «Медиапедагогика», «PR және жарнама технологиялары», «Бильдредатор», «Конвергентті журналистика», «Монтаж бен видео дыбыс негіздері», «Заманауи баспасөз қызметі» пәндері енгізілді.

Кафедра деңгейінде ішкі кафедралық бақылау жүйесі жұмыс істейді. Кафедрада әрбір оқу жылына өзара сабаққа қатысу кестесі жасалып кафедра отырысында бекітіледі. Оқытушылар үлгі бойынша сабаққа қатынасу парағын толтырады. Сонымен қатар, ашық сабақ өткізу кестесі құрастырылады. Ашық сабақ кафедраның әдістемелік бірлестік отырысында талданады, хаттамаға түсіріледі және «Ашық сабақ талдау» парағы толтырылады. Өзара сабаққа қатынасу нәтижелері кафедра отырыстарында талданады, хаттамаға түсіріледі. Сабаққа қатысуды талдау негізінде кафедрада түзетулер енгізу жоспары, деңгейін жақсарту жоспары, стандарттар мен ережелерде белгіленген бірыңғай форма бойынша ескерту іс-әрекеттері жоспары жасалады.

Ғылым және стратегиялық даму орталығы жыл сайын оқыту сапасы тиімділігін бағалау мақсатында «Оқытушы студенттер көзімен» атты студенттер арасында сауалнама жүргізеді. Сауалнама студенттердің электронды журналында (Intranet) беріледі. Бағалау критерийі 9 балл жүйесі бойынша қойылады.

Жақстарту мақсатында: Жүктеменің әр оқытушы үшін екі семестрге тең жағдайда бөліну тиімділігін университет ережесіне сай жүзеге асыру.

5-стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – толық сәйкестік

Стандарт 6. Оқу ресурстары және студенттерді қолдау

Дәлелдемелер мен талдаулар:

Аудит кезінде «Журналистика» білім беру бағдарламасы студенттерінің білімдік, жеке және мансаптық қажеттіліктерін жүзеге асырып, оларды қолдау мақсатында университеттің төмендегідей қызмет көрсету құрылымдарының бар екендігі аңғарылды: қаржы-экономикалық бөлімі қызметі, тестілеу және білім беру қызметтеріне мониторинг жүргізу бөлімі, ақпараттық-техникалық қызмет көрсету бөлімі, компьютерлік желілерді басқару және қызмет көрсету бөлімі, ақпараттық жүйелер құру және ендіру бөлімдері, Ғ.Орманов атындағы кітапхана қоры, контингентті қалыптастыру және түлектерді жұмысқа орналастыру бөлімі, тәрбие және әлеуметтік жұмыс жөніндегі бөлім, жастар ісі жөніндегі комитет, мәдени-көпшілік іс шаралар бөлімі, ЖМУ ресурс орталықтары, ақпараттандыру қызметі, Тіркеу офисі бөлімі, әлеуметтік желі, студенттерге қызмет көрсету орталығы, медициналық пункт, студенттер жатақханасы, асхана, спорт залдары мен ЖМУ орталық стадионы. Ақпараттық ресурстардың құрамдас бөлігі кітапхана қоры болып табылады.

Кітапханадағы ақпараттандыру жүйесі автоматтандырылған оқу үдерісін қамтиды, оқу-әдістемелік ресурстарды басқаруға, ақпарат алмасуға, әртүрлі ақпараттық сұрақтарға байланысты есептерді тоғыстыруға мүмкіндік береді. Университетте Жастар ісі жөніндегі комитет (ЖІЖК) жұмыс істейді, оның негізгі міндеті жастар саясатын және оған қажетті іс-шараларды жүзеге асыру. ЖІЖК дарынды студенттерді анықтап, түрлі пікірсайыс турнирлерін, акциялар мен байқаулар ұйымдастырады. Студенттердің саяси танымын тереңдету бағытындағы семинарлар өткізіледі. 2016-2020 жж. арналған университетте бұқаралық спортты дамыту мақсатындағы жұмыстар кезең-кезеңмен жүргізілді: барлық спорт залдары мен спорт алаңдары жаңартылды, университет стадионы күрделі жөндеуден өтті. Университеттің спорт залдары мен спорт залы, соның ішінде гимнастика залы, бокс залы және екі ойын залы спорттық жабдықтармен жабдықталған. Студенттер бос уақытында спорттық секцияларда (футбол, баскетбол, трек, волейбол, бокс, джиу-джитсу) спортпен шұғылданады. ЖМУ-да төмендегідей қоғамдық-патриоттық бірлестіктер жұмыс істейді: «Нұр Отан» партиясының «Жас Отан» жастар қанаты; «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының штабы; Қазақстан халқы Ассамблеясының студенттік кіші ассамблеясы; «Қызықты психология» студенттік клубы; Студенттік ғылыми қоғам; «Жас Түлек» студенттік театры; «Шағала» ансамблі; жас акындар мен жазушылар клубы; Студенттік теледидар орталығы; «Жас журналист» клубы, «Саясаткер» клубы; «Жас қыран» студенттік құқықтық қозғалысы. ЖМУ-да әлеуметтік жеңілдіктердің тиімді жүйесі және сараланған үстемақы мен сыйақылар қарастырылған. Университет ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, толық жетім студенттерді тегін жатақханамен

қамтамасыз етеді. Барлық студенттерге ай сайын тегін жолаушы билеті беріледі. ПОҚ пен қызметкерлерге материалдық көмек көрсетіледі. Университет әлеуметтік жағынан қорғалмаған студенттерге, сондай-ақ ғылыми және білім беру қызметінде жоғары жетістіктері бар студенттерге әлеуметтік қолдау көрсетеді.

Тәрбие жұмысын ұйымдастыру үшін тәрбие және әлеуметтік жұмыс бөлімі жұмыс істейді. Университетте білім алушыларға қызмет көрсету орталығы, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі бірыңғай кеңес, Жастар ісі жөніндегі Комитет, контингентті қалыптастыру және түлектерді жұмысқа орналастыру бөлімі, Спортклуб студенттердің қызығушылықтары бойынша клубтар жұмыс істейді.

Қазіргі уақытта университетте 524 төсек-орынға арналған 2 студенттік жатақхана бар. Студенттер үшін жатақханаларда толыққанды өмір мен оқу үшін қолайлы жағдайлар жасалған. Санитарлық талаптарға сай жабдықталған секциялар, теледидарлармен демалу бөлмелері, оқу және компьютер залдары, жуынатын және кір жуатын бөлмелер, электр плиталарымен жабдықталған тұрмыстық бөлмелер бар.

Тәжірибелі академиялық тәлімгер-эдвайзерлердің жетекшілігімен студенттердің білім траекториясын анықтау жүзеге асырылады. Онлайн-тіркеудің алдында оқытушылардың элективті пәндерді таныстыру аптасы және эдвайзерлердің мамандықтар бойынша білім алушылармен міндетті кездесулері ұйымдастырылады. Академиялық эдвайзер университетте студентті білім беру үдерісімен және жеке-кәсіби дамумен байланысты мәселелерді шешуде консультациялық көмек көрсетеді. Студенттердің жеке траекториясын анықтау кезеңінде эдвайзерлермен топтық және жеке консультативтік сипаттағы сессиялар өткізіледі.

Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру білім алушылардың оқытудың нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған жеке білім беру траекториясын таңдауы және дербес жоспарлауы негізінде жүзеге асырылады.

«Журналистика» білім беру бағдарламасында оқу үдерісінің автоматтандырылуын университеттің Intranet ақпараттық, (<http://zhgu.edu.kz>) білім беру жүйесі қамтамасыз етеді. Алғашқыда электронды журнал, транскрипт қызметі ғана ұсынылса, соңғы 5 жылда олардың қатары ПОӘК енгізу, пәндерге тіркелу, онлайн түрде сауалнамалар тапсыру сияқты қызметтермен толықты.

Университетте компьютерлік бағдарламалармен қамтамасыз ету жыл сайын жаңартылып отырады. Электрондық мәліметтер базасынан тыс кітапханада электрондық тасымалдаушыда оқу және ғылыми әдебиеттер қоры қалыптасқан. Бұның барлығы университет оқытушылары мен студенттеріне қазақстандық және халықаралық масштабтағы ЖОО-ның оқу-әдістемелік базаларын кеңінен қолдануға үлкен мүмкіндік береді. Университет қызметінің барлық бағыттары бойынша лицензиялық бағдарламамен қамтылған.

Компьютерлік кластардың барлығында интернет қолжетімді, сабақ үстінде «Nur.kz», «Abai.kz», «Qamshy.kz», «Tengrinews.kz», «Zakon.kz»,

«Zhshalash.kz», «Baribar.kz» сияқты онлайн-порталдар материалын пайдалануға жағдай жасалған.

Студенттер мен оқытушыларды барлық білім беру бағдарламалары үшін ақпараттық қолдаудың бірыңғай жүйесінің болуы (мысалы, веб-сайт негізінде), студенттерге, оқытушылар мен қызметкерлерге ыңғайлы жерлерде Интернетке қол жеткізуде студенттерге қолдау көрсететін WiFi нүктелерінің болуы. Университеттің заманауи электронды деректер базасына, оның ішінде шетелдік мәліметтер базасына (Scopus, Thomson Reuters, Elsevier, Polpred т.б.) қол жетімділікте оқытушылар мен студенттерге қолдау көрсетіледі.

Жақсарту мақсатында: Аудиторияларды заманауи оқу жабдықтармен, компьютерлік техникамен, интерактивті тақталармен және мультимедиялық проекторлармен, стендтермен жабдықтау және т.б. жағы назарға алынсын.

6-стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – толық сәйкестік

Стандарт 7. Жұртшылықты ақпараттандыру

Дәлелдемелер мен талдаулар:

Университетте білім беру бағдарламаларының тиімді менеджменті үшін маңызды ақпараттар жүйелі түрде жинақталады. Сараптау жұмыстары жүргізіліп, қажетіне қарай тиісті мерзімде жарияланады. Білім беру бағдарламасын басқару ісі университеттің коллегиялы органдарымен, оқыту үдерісі мен мониторингті бақылайтын бөлімдермен келісіледі, жұмыс берушілердің сұраныстары ескеріліп, тығыз қарым-қатынас негізінде жүзеге асырылады.

Университеттің Web-сайтында (<http://zhgu.edu.kz>) «Журналистика» білім беру бағдарламалары, білім беру бағдарламалары бойынша оқудан күтілетін нәтижелер мен берілетін біліктілік, оқыту деңгейі, оқыту мен бағалау процедурасы және студенттердің білім алудағы мүмкіндіктері туралы қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде ақпараттар қамтылған. Сонымен бірге, университет сайты арқылы университеттің тыныс-тіршілігімен танысуға болады: университет миссиясы, конкурстар, конференциялар, халықаралық жобалар, факультеттер мен кафедра тарихы, оқу-әдістемелік қызметі, ғылыми-зерттеу және халықаралық қызметі, академиялық ұтқырлық, әлеуметтік-тәрбие қызметі, спорт жетістіктері, т.б қамтылған.

Кафедраның оқу жылында атқарған оқу-әдістемелік, ғылыми және тәрбие жұмысы бойынша Ғылым және стратегиялық даму орталығы университеттегі кафедралардың рейтингін жасайды. Әр ББ-ның рейтинг нәтижесі сайтта жарияланады (<http://zhgu.edu.kz/content.php?content=raiting>).

Студенттердің үлгерімі туралы мәлімет электронды базада сақталған. Университет сайтындағы ақпараттық материалдар жаңартылып отырылады.

Университеттің ресми сайтында ректор блогы бар. Блоктағы сұрақ-жауап бөлімі арқылы студенттер және ата-аналар, оқытушы-профессорлық құрам, жұмыс берушілер, қоғамдық ұйымдар өздерін қызықтыратын мәселелер бойынша мәліметтер ала алады.

2017 жылы университетте Оқу-телестудиясы ашылған. Оқу телестудиясы университетте өткізілген іс-шаралар бойынша жаңалықтар таратады, әр түрлі ғылыми, танымдық бағдарламалар көрсетеді. Осы оқу орнының «Жетісу университеті» газеті – айына бір рет шығып, Алматы облысы аумағына таратылатын басылымы. Бұл басылымда үнемі университет тынысы жайлы материалдар жарияланып отырады.

I. Жансүгіров атындағы ЖМУ веб-сайтында білім беру бағдарламалары бойынша күтілетін оқу нәтижелері (күзиреттіліктер) туралы ақпарат орналасқан. Білім беру бағдарламалары, жетістіктер мен нәтижелер туралы мәліметтер беру Алматы облыстық «Жетісу» және университетішілік телеарнаның титрында да жұртшылықты ақпараттандыру бағытындағы материалдар жоспарлы түрде беріліп отырады. Бүгінгі таңдағы білім беру бағдарламасы аясында іске асырылатын барлық үдеріс бойынша ақпараттандыру мәселелелерінің қызығушылық танытқан тараптарға пайдалы болуы басты назарда ұсталады.

Түлектердің білім беру бағдарламаларына жұмысқа орналасуы және олардың мансаптық өсуі туралы бітіруші түлектердің жыл сайынғы жұмыспен қамтылуын есепке ала отырып, еңбек нарығындағы олардың рөлін айқындау жұмыстары жүргізіледі. Соған сәйкес Алматы облыстық әлеуметтік бағдарламалар және еңбекпен қамтуды үйлестіру басқармасында «Журналистика» білім беру бағдарламасын меңгерген түлектер жайлы мәліметтер қоры жинақталып, бос жұмыс орны мен ваканттық орындар туралы тапсырыс беріледі. Түлектер жұмыс берушілердің қатынас хаттары негізінде жұмыс орындарына жіберіледі. Ол құжаттар кафедраның номенклатуралық папкасында тіркеулі. Білім берудің нәтижелілігін анықтау үшін жұмыс берушілермен жүргізілген сауалнамалардағы олардың ұсыныстары басты назарда болады.

Университет заманауи бағдарламалық құралдармен қамтамасыз етілген және жабдықталған. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және енгізу бөлімімен студенттерді емтихан өткізу ережелері бойынша ақпараттандыру үшін ақпараттық-бағдарламалық кешендер, баға қою әдістері мен өлшемдері, алынатын біліктілік: «компьютерлік тестілеу» ақпараттық-бағдарламалық кешені, «Қабылдау комиссиясы» ақпараттық-бағдарламалық кешені, «пәннің оқу-әдістемелік кешені» БҚ, «ЖМУ кітапханалық қоры құрылды және енгізілді. Қолданыстағы бағдарламалық қамтамасыз ету жаңғыртылды: «аудиториялық сабақтардың кестесі» ақпараттық-бағдарламалық кешені, «мемлекеттік емтихандарды өткізуге арналған бағдарлама», «дипломға қосымша», «білім алушылардың білім сапасын бақылаудың электрондық журналы», «Транскрипт», «кадрларды басқару бөлімі», «ЕСУВО», «сағаттар есебі және кафедралар бойынша сағаттарды бөлу» енгізілді.

Университетте «Smart Zhetysu» жаңа буынының бірыңғай ақпараттық жүйесі – икемді білім беру ортасы, білім беру қызметтерін ұсыну мен жоғары білімді басқарудың бағдарлы платформасы әзірленді. Жүйе ЖОО қызметінің негізгі үдерістерін автоматтандыруға арналған бағдарламалар кешенін қамтиды.

«Білім алушы (білім алушының жеке кабинеті)» модулінде өтініштер мен өтінімдер қабылданады, пәндерге тіркеу үдерісі, Жеке оқу жоспарын қалыптастыру, үлгерімді бақылау және т.б. жүргізіледі.

Авторизациялау бетінде дербес логин мен пароль енгізілгеннен кейін білім алушының жеке кабинеті ашылады. Негізгі бөлім оқу үдерісі болып табылады, онда пәндерге тіркелу, өз факультетін, мамандығы мен тобын, курстар мен оқу деңгейлері бойынша академиялық күнтізбені (бакалавриат, магистратура, докторантура), сандық кітапхана қорын, білім беру бағдарламаларын таңдай алады, Электронды сабақ кестесімен танысу, сауалнаманың әртүрлі түрлерінен өту мүмкіндігі қарастырылған.

«Білім алушыларға қызмет көрсету» модулі білім алушылардың деректерін цифрландырылған, білім алушылардың есебі мен қозғалысы, сабақтар мен емтихандардың кестесін қалыптастыру, анықтама беру жүзеге асырылады. БЖ-да білім алушылар туралы толық ақпарат сақталады, факультеттерге, топтарға студенттерді бекіту жүргізіледі, студенттердің қозғалысы, оқуға түсу, оқудан шығарылуы бақыланады.

Университетте студенттерді қолдау қызметтері құрылған: білім алушыларға қызмет көрсету орталығы, Жастар ісі жөніндегі комитет, тәрбие және әлеуметтік жұмыс бөлімі бар. ЖОО-да 2 студенттік жатақхана бар, жалпы саны 524 орын. Студенттерді қолдау мақсатында университетте сенім телефоны жұмыс істейді. Университеттің барлық қызметкерлері мен студенттері, соның ішінде жатақханаларда тегін Wi-Fi орнатылған, университет қызметкерлері мен студенттеріне тегін медициналық кеңес беріледі; күндізгі оқу бөлімінің барлық студенттері тегін жол жүру билеттерімен қамтамасыздандырылған.

Жақсарту мақсатында: Студенттер мен оқытушылардың YouTube каналында жұмыс істеп тұрған ақпараттық ресурстарының көрілімін арттыра отырып, басқа да жоғары оқу орындарының заманауи электронды ақпараттық ресурстарымен өзара шығармашылық байланыстарын орнықтыруына мүмкіндікті кеңейту.

7-стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – толық сәйкестік

ТАРАУ 3

ҚОРЫТЫНДЫ

Бақылау қорытындысы бойынша сараптамалық топтың ескертулері мен жақсарту мақсатындағы ұсыныстары:

Стандарт 1. Білім беру бағдарламасының мақсаттары мен сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясаты

Жақсарту мақсатында: ББ бағдарламасының саясатында жалпыұлттық немесе әлемдік деңгейде маңызды ғылыми проблеманы шешуді қамтамасыз ететін зерттеу жұмыстарына бірінші кезекті маңыз беру; оған шет ел жоғары оқу орындарынан білікті мамандарды тарту; нарықтық экономиканың қажеттіліктеріне, жаһандану процестеріне, халықаралық талаптарға сәйкес келетін бәсекеге қабілетті маман кадрларды даярлауға қатты көңіл бөлу.

1-стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – толық сәйкестік

Стандарт 2. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпараттарды басқару

Ескерту: Медианың жаңа технологияларына, зертханалық дәрістерге негізделген IT, цифрлық, web-медиа-дизайндық пәндерді көбірек жоспарлап, оларды оқу үдерісіне енгізу және ол пәндерді жұмыс берушілермен, жоғары курс студенттерімен тығыз қарым-қатынаста ақылдаса отырып таңдап алу.

Жақсарту мақсатында:

1. 5B050400 «Журналистика» білім беру бағдарламасындағы міндетті және элективті пәндер мазмұнын қазіргі цифрлық журналистика, медиа сауаттылық және жаңа медиа бағыттарына сәйкес келетін пәндермен жаңартып, жетілдіру.
2. Жаңартылған білім беру мазмұнын критериалды бағалау жүйесімен, оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдерімен байыта отырып, қорытынды бағалау түрлерін шығармашылық әдіс-тәсілдермен (мини-жоба, жоба, эссе т.б.) түрлендіру.

2-стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – елеулі сәйкестік

Стандарт 3. Білім алушыларға бағытталған оқыту, білім беру және бағалау

Ескерту: Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысуына айрықша көңіл бөлініп, олардың республикалық, халықаралық Startup жобаларына қатысуына ықпал ету.

Жақсарту мақсатында:

1. Кредиттік оқыту жүйесіне сәйкес 6B03201 (5B050400)– «Журналистика» білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылардың ішкі және сыртқы ұтқырлықты қамтамасыз ету мүмкіндіктерін кеңейту.

2. Білім алушылардың журналистика саласында танымдық және шығармашылық қызығушылықтарын дамыту мақсатында медиадағы жаңа ғылыми зерттеулер мен жаңалықтарды талқылауға арналған ғылыми үйірме жұмыстарын ұйымдастыру.

3-стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – елеулі сәйкестік

Стандарт 4. Білім алушыларды қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау

Жақсарту мақсатында: Оқу үдерісінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында студенттердің мүддесін ескере отырып, ақпараттық-мониторинг қызметін жақсарту: оны ішкі тәртіп ережелерімен, барлық қызмет көрсету орталықтарының жұмыс істеу кестесімен, оқытушылар және әкімші туралы мәліметтермен, оқу ақысын төлеу ретімен, оқыту нәтижелерін бағалау талаптарымен, білім беру курстары туралы мәліметтермен толықтыру.

4-стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – толық сәйкестік

Стандарт 5. Профессор-оқытушылар құрамы

Жақсарту мақсатында: Жүктеменің әр оқытушы үшін екі семестрге тең жағдайда бөліну тиімділігін университет ережесіне сай жүзеге асыру.

5-стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – толық сәйкестік

Стандарт 6. Оқу ресурстары және студенттерді қолдау

Жақсарту мақсатында: Аудиторияларды заманауи оқу жабдықтармен, компьютерлік техникамен, интерактивті тақталармен және мультимедиялық проекторлармен, стендтермен жабдықтау және т.б. жағы назарға алынсын.

6-стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – толық сәйкестік

Стандарт 7. Жұртшылықты ақпараттандыру

Жақсарту мақсатында: Студенттер мен оқытушылардың YouTube каналында жұмыс істеп тұрған ақпараттық ресурстарының көрілімін арттыра отырып, басқа да жоғары оқу орындарының заманауи электронды ақпараттық



ресурстарымен өзара шығармашылық байланыстарын орнықтыруына мүмкіндікті кеңейту.

7-стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – толық сәйкестік

«І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті»
ШЖҚ РМК-да білім беру бағдарламаларын мамандандырылған аккредиттеу бойынша
IQAA сараптамалық тобының сыртқы аудит
Бағдарламасы (10 -11 маусым 2020 ж.)

Уақыт	Іс- шара	Қатысушылар	Өтетін орын
09.06.2020ж. кесте бойынша	Сараптамалық топ мүшелерінің келуі		Грин Вилла қонақ үйі
1-ші күн: 10 маусым 2020 жыл			
8:15-8:30	ЖОО-ға Трансфер	Б, СТ, Ү	
8:30-9:30	Жұмыс кабинетінде сарапшыларды орналастыру. Кіріспе кеңес	Б, СТ, Ү	Бас ғимарат, Ректораттың кіші залы
9:30-10:00	Университет ректорымен сұхбат	Б, СТ, Ү, ректор	Бас ғимарат, ректор кабинеті
10:00 -10:40	Университет проректорларымен сұхбат	Б, СТ, Ү, проректорлар	Бас ғимарат, мәжіліс залы (313 каб.)
10:40-10:55	Сараптамалық топ мүшелерінің пікір алмасу	Б, СТ, Ү	Бас ғимарат, Ректораттың кіші залы
10:55-11:25	Құрылымдық бөлімшелердің басшыларымен сұхбат	Б, СТ, Ү, проректорлар	Бас ғимарат, мәжіліс залы (313 каб.)
11:25-11:40	Сараптамалық топ мүшелерінің пікір алмасу	Б, СТ, Ү	Бас ғимарат, Ректораттың кіші залы
11:40-12:00	Тіркеу офісіне қатысу	Б, СТ, Ү	
12:00-13:00	Білім беру бағдарламаларын іске асыратын факультеттер мен кафедраларды, қолдау қызметтерін көзбен шолып қарау	Б, СТ, Ү декандар, кафедра меңгерушілері	Бас ғимарат (№1), № 2,3 оқу ғимараты
13:00-14:00	Түскі ас	Б, СТ, Ү	Бас ғимарат, оқытушыларға арналған асхана
14:00-14:30	Білім беру бағдарламаларын іске асыратын декандармен және кафедра меңгерушілерімен сұхбат	Б, СТ, Ү декандар, меңгерушілер	Бас ғимарат, мәжіліс залы (313 каб.)
14:30- 14:45	Сараптамалық топ мүшелерінің пікір алмасу	Б, СТ, Ү	Бас ғимарат, Ректораттың кіші залы
14:45-15:25	Аккредиттелетін білім беру бағдарламаларының бағыттары бойынша студенттермен, магистранттармен кездесу	Б, СТ, Ү студенттер, магистранттар	Мәжіліс залы (313 каб.), акт залы, фокус-топтарда жұмыс
15:25-15:40	Сараптамалық топ мүшелерінің пікір алмасу		Бас ғимарат, Ректораттың кіші залы
15:40-16:20	Аккредиттелетін білім беру бағдарламаларының бағыттары бойынша кафедра	Б, СТ, Ү ПОҚ	Мәжіліс залы (313 каб.), акт залы, фокус-топтарда жұмыс

	ПОҚ-мен кездесу		
16:20-16:30	Сараптамалық топ мүшелерінің пікір алмасу	Б, СТ, Ү	Бас ғимарат, Ректораттың кіші залы
16:30-17:10	Аккредиттелетін білім беру бағдарламаларының бағыттары бойынша түлектермен кездесу	Б, СТ, Ү түлектер	Бас ғимарат, мәжіліс залы (313 каб.), акт залы, фокус-топтарда жұмыс
17:10- 17:50	Аккредиттелетін білім беру бағдарламаларының бағыттары бойынша жұмыс берушілермен кездесу	Б, СТ, Ү жұмыс берушілер	Бас ғимарат, мәжіліс залы (313 каб.), акт залы, фокус-топтарда жұмыс
17:50 -18:30	Сараптамалық топ мүшелерінің пікір алмасуы. Күн нәтижелерін талқылау.	Б, СТ, Ү	Бас ғимарат, Ректораттың кіші залы
18:30 – 19:00	Қонақ үйге дейін Трансфер	Б, СТ, Ү	
19:00-20:00	Кешкі ас	Б, СТ, Ү	Грин Вилла қонақ үйі
20:00	Келесі күнге дайындық	Б, СТ, Ү	Грин Вилла қонақ үйі
2-ші күн: 11 маусым 2020 жыл			
8:30-9:00	Корпусқа дейін Трансфер	Б, СТ, Ү	
9:30-11:30	Оқу сабақтарына іріктеп қатысу, практика базаларына қатысу	Б, СТ, Ү	№1, 2, 3 оқу ғимараттары
11:30 -13:00	Аккредиттелетін білім беру бағдарламаларының бағыттары бойынша кафедра құжаттарын зерттеу	Б, СТ, Ү	Бас ғимарат, Ректораттың кіші залы
13:00-14:00	Түскі ас	Б, СТ, Ү	Бас ғимарат, асхана
14:00-15:00	ССТ-ның есебі бойынша СТ жұмысы, құрылымдық бөлімшелердің басшыларын, кафедра меңгерушілерін іріктеп шақыру	Б, СТ, Ү	Бас ғимарат, Ректораттың кіші залы
15:00-17:00	СТ-ның ССТ есебі бойынша жұмысы	Б, СТ, Ү	Бас ғимарат, Ректораттың кіші залы
17:00-18:00	Басшылықпен кездесу, алдын ала нәтижелерді ұсыну		Бас ғимарат, мәжіліс залы (313 каб.)
18:00-18.30	Қонақ үйге дейін трансфер	Б, СТ, Ү	Грин Вилла қонақ үйі
18:00-19:00	Кешкі ас	Б, СТ, Ү	Грин Вилла қонақ үйі
	Сарапшылардың кетуі		

Белгілер: сараптау тобының жетекшісі – Б; сараптау тобы – СТ; үйлестіруші – Ү; ЖОО– ның жауапты тұлғасы- ЖТЖОО, ЖОО– ның жауапты тұлғасы ЖТЖОО сараптау тобының басшысымен Б–Агенттіктің үйлестірушісімен Ү- барлық іс- шаралар бойынша өзара іс-қимыл жасауға міндетті.

СҰХБАТҚА ҚАТЫСУШЫЛАР

Мамандандырылған аккредиттеуді жүргізуге жауапты

№	Ф. И. О.	Лауазымы, ғылыми дәрежесі, атағы
1	Бахтаулова Алефтина Сембаевна	Ғылым және стратегиялық даму орталығының директоры, биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент).

Ректор

№	Ф. И. О.	Лауазымы, ғылыми дәрежесі, атағы
1	Баймырзаев Қуат Маратұлы	Ректор, география ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті академигі.

Проректорлар

№	Ф. И. О.	Лауазымы, ғылыми дәрежесі, атағы
1	Калдияров Данияр Алтаевич	Академиялық мәселелер жөніндегі Проректор, экономика ғылымдарының докторы, профессор.
2	Андасбаев Ерлан Сулейменович	Инновациялық жұмыс және стратегиялық даму жөніндегі Проректор, техника ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор (доцент).
3	Сериев Болат Абдулдаұлы	Тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі Проректор, заң ғылымдарының кандидаты, профессор

Құрылымдық бөлімшелердің басшылары

№	Ф. И. О.	Лауазымы, құрылымдық бөлімшесі
1	Абишев Ербосын Төлегенович	Шаруашылық департаментінің директоры
2	Тоқсейіт Диас Есбайұлы	Жоспарлау және цифрландыру департаментінің директоры
3	Мукушева Динара Амангельдиновна	Бас бухгалтер
4	Канаев Ашимхан Токтасынович	Биотехнология мәселелері ғылыми-зерттеу институтының директоры
5	Мальтекбасов Марат Жабыкбаевич	ЖМУ колледжінің директоры
6	Ашкеева Нуршархан Несепбековна	Оқу-әдістемелік бөлімінің бастығы
7	Есимханова Райгуль Кажымухановна	Тіркеуші кеңсесінің директоры
8	Бахтаулова Алефтина Сембаевна	Ғылым және стратегиялық даму орталығының директоры
9	Беисов Ербол Жаксыбекович	Персоналды басқару бөлімінің бастығы
10	Молдакулов Амангельды Тургамбекович	Білім алушыларға қызмет көрсету орталығының директоры
11	Ескендилов Бакытжан Нурсерикович	Контингентті қалыптастыру және түлектерді жұмысқа орналастыру бөлімінің бастығы
12	Дигай Дамир Анатольевич	Ғылыми зерттеулер нәтижелерін коммерцияландыру кеңсесінің директоры
13	Рысбеков Кадыр Койшыбекович	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімінің бастығы

14	Туменова Наталья Иембергеновна	Білім беру қызметтерінің сапасын бақылау және тестілеу бөлімінің бастығы
15	Калжанова Гулмира Кенесовна	Біліктілікті арттыру және қосымша білім беру орталығының директоры
16	Байгабатова Назгуль Кажимуратовна	"Рухани жаңғыру" ғылыми-білім беру орталығының директоры"
17	Карасаева Айкен Токибаевна	Ж. Орманов атындағы кітапхана директоры
18	Мурыгина Светлана Ивановна	Баспа бөлімінің бастығы
19	Танатбаева Жайдары Ергалиевна	Мемлекеттік сатып алу және құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің бастығы
20	Бектемирова Раиса Дантаевна	Әскери есепке алу офісінің бастығы
21	Бектасова Гульмира Кабдолдановна	Құжаттамалық қамтамасыз ету және мұрағат бастығы
22	Телеуев Галым Байгазиевич	Еуропалық білім беру халықаралық орталығының директоры
23	Шаянбаева Баян Машрипхановна	Медиаорталықтың Бастығы
24	Узденбаев Жанбай Шуйншалиевич	Ақпараттық-техникалық қызмет көрсету бөлімінің бастығы
25	Тулубаев Биржан Берикович	Компьютерлік желілерді әкімшілендіру және қызмет көрсету бөлімінің бастығы
26	Батырбеков Даулет Сейтович	Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және енгізу бөлімінің бастығы
27	Оспанова Асель Кожамуратовна	Тәрбие және әлеуметтік жұмыс бөлімінің бастығы
28	Садыков Арнур Алимжанович	Мәдени-бұқаралық жұмыс бөлімінің бастығы
29	Битлеуов Берик Амантаевич	Спорт Клубының Төрағасы

Факультет деканы

№	Ф. И. О.	Ғылыми дәрежесі, атағы, қай жылдан бастап университетте жұмыс істейді
1	Рахимова Айна Маратовна	Философия докторы (PhD), 2009

Кафедра меңгерушісі

№	Ф. И. О.	Ғылыми дәрежесі, атағы, қай жылдан бастап университетте жұмыс істейді
1	Есенбек Жұмағали Бейсенбайұлы	Философия докторы (PhD), 2015

Бітіруші кафедраның оқытушылары

№	Ф. И. О.	Лауазымы, кафедра	Ғылыми дәрежесі және атағы
1	Ашимова Малика Гениевна	Аға оқытушысы	Магистр
2	Дутбаева Назым Саймасаевна	Оқытушы	Магистр
3	Албатыр Илесбек	Аға оқытушысы	Магистр

4	Турысбекова Асем Ериковна	Аға оқытушысы	Филология ғылымдарының кандидаты.
---	------------------------------	---------------	---

Студенттер, магистранттар, докторанттар

№	Ф. И. О.
1	Сайдильдин Мәди Әділханұлы
2	Мамет Ақмарал Асхатқызы
3	Акматова Мадина Муратбековна
4	Оразалы Айзада Есенболатқызы
5	Тұрарова Гүлнұр Қанатқызы

Жұмыс берушілердің өкілдері

№	Ф. И. О.	Жұмыс орны, лауазымы
1	Идигов Атсалим	Облыстық газеттің бас редакторы "Алатау Шамдары»
2	Арынбаева Жанна	Жетекші "Jetisu media" коммуналдық мемлекеттік мекемесі "КММ"
3	Әміреев Жұматай	"Жетісу» Облыстық газеті бас редакторының орынбасары

Түлектер

№	Ф.И.О.
1	Қабдеш Еңлік Мархабекқызы
2	Байсалмақова Айдана Ержанқызы
3	Жанатбек Тоғжан Жанатбекқызы
4	Курбанов Эмиль Сабинович
5	Махимова Алтынай Құрманғазықызы

ҚОСЫМША ҚАРАСТЫРЫЛҒАН ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІ

1. Штат кестесі.
2. 6B03201-Журналистика білім беру бағдарламасы бойынша дәріс жүргізетін оқытушылардың жеке жүктемесі. Жеке жүктеме бөлу нормативі.
3. Білім беру бағдарламасы (6B03201-Журналистика).
4. Негізгі оқу жоспары, Жеке оқу жоспары.
5. Элективті пәндер каталогы.
6. Кафедра мәжілісінің жоспары, хаттамасы.
7. Оқу, өндірістік, диплом алды іс-тәжірибе құжаттары, есептері.
8. Жұмыс берушілермен жүргізілген жұмыс құжаттары.
9. Оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамту құжаттары (білім беру бағдарламасына, жекелей пәндерге).
10. Білім беру бағдарламасының оқу-әдістемелік кешені. Пәннің оқу-әдістемелік кешені – оқу жұмыс бағдарламасымен, силлабусымен қоса (әр оқытушыдан бір пәнге).
11. Оқытушылардың жүргізетін пәндері бойынша біліктілік артыру куәліктерінің көшірмелері.
12. 6B03201-Журналистика білім беру бағдарламасы бойынша дәріс жүргізетін оқытушылардың ғылыми, оқу-әдістемелік еңбектерінің тізімі – индекстелетін журналдарда және Комитет ұсынған журналдарда жарияланған мақалаларды, оқу құралдарын көрсету міндетті (әр оқытушыға жекелей).
13. Дипломдық жұмыстардың (жобалардың) тақырыптарын бекіткен бұйрықтың көшірмесі.
14. 2018-2019 оқу жылы қорғалған 3 дипломдық жұмыстың түптелген түпнұсқасы.
15. «Студенттік баспасөз орталығы» клубының, оқу телестудиясының құжаттары (жоспар, есеп т.б.).
16. Оқытушылар дайындаған жазбаша емтихан билеттерінің 2-3 нұсқасы.
17. Талапкерлерді I және II-шығармашылық емтихан конкурсына қабылдау ережесінің нұсқасы.
18. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына (студенттер конференциясына) қатысуы туралы бағдарлама брошюралары.
19. Студенттердің пән, пәнге оқытушы таңдау презентацияларының хаттамалары.
20. Дистанциялық оқыту контенті (2-3 пәнге).
21. Эдвайзер құжаттары (2 оқытушы үшін).